

Қаратөбе аудандық ішкі саясат бөлімі

« Діни ахуал және аудан әкімдігі жанындағы
діни бірлестіктермен байланыстар жөніндегі Кеңес жұмысы туралы »

Қаратөбе - 2013 жыл



«Қазақстан зайырлы мемлекет екенін ұмытпауымыз керек. Біз елдің дәстүрлері мен мәдени нормаларына сәйкес келетін діни сана қалыптастыруымыз керек» Н.Ә.Назарбаев

Ауданда діни тұрақтылықты, конфессияаралық келісімді орнату мен діни экстремизм мен терроризмнің алдын алу



Қаратөбе ауданы әкімдігі жанындағы Діни бірлестіктермен байланыс жөніндегі Кеңес

МАҚСАТЫ

діни экстремизм мен радикализмнің көріністерін алдын-алу, қарым-қатынасын зерттеу, олардың басқа діни бірлестіктермен байланысына бақылау жасау.

МІНДЕТТЕРІ

Діни ахуалға жан-жақты талдау жасау

Діни бірлестіктердің қызметіне байланысты заңнамалардың орындалуын қадағалау.

Аудандағы діни ахуалды қалыптастыру, үгіт насихат жұмыстарын жүргізу келісім мен түсіністік орнату.

2012 жылы Қаратөбе ауданы әкімдігі жанындағы Діни бірлестіктермен байланыс жөніндегі Кеңесте қарастырылған негізгі мәселелер

- «Кеңестің 2012 жылға арналған жоспарын бекіту ұсыныстар енгізу туралы»
- Егіндікөл ауылындағы намазхананың 2011 жылы атқарған есебі туралы
- «Аудан тұрғындары арасында діни сауаттылықты арттыру бағытында құрылған аудандық ақпараттық-насихат топтарының жұмысы, жоспарлары, аудан жастары арасында кездесулер семинарлар өткізу туралы»
- «№21 кәсіптік лецейдегі жастар арасында діни экстремизмнің алдын алу бағытында атқарған жұмыстары туралы».
- «Егіндікөл, Қоскөл ауылдық округтеріндегі діни ахуалды талдау және зерделеу жұмыстарын жүргізу туралы»
- «Баспасөз беттерінде теріс діни ағымдардың жастарға тигізетін кері әсері туралы және дәстүрлі құндылықтарды насихаттау мақсатындағы мақалаларға сараптама жасау ».
- «Қазақстан Республикасының «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» Заңына сәйкес діни әдебиет және діни мақсаттағы заттарды дінтану сараптамасынан өткізу жөніндегі сараптамалық топтың қызметі туралы»
- “Білім беру саласындағы атқарылған шаралар туралы”

Дін саласындағы мемлекеттік саясатты түсіндіруге бағытталған іс-шаралар



Кеңес төрағасы С. Өмірзақовтың діни ахуалды талдау сәті

2012 жыл мен 2013 жылдың басынан бастап ақпараттық топ мүшелерінің қатысуымен 11 дөңгелек үстел, 2 семинар-кеңес, 4 діни кеңес, 13 лекциялық дәрістер, сондай-ақ, арнайы кесте бойынша орта мектептерде - 7, барлық мектеп оқушыларымен және олардың ата-аналарымен - 11, облыстық департамент қызметкерлерімен – 7, облыстық бас имам және найб имам қатысуымен 5, аудан және селолық округ тұрғындарымен - 13, барлығы 1945-ке жуық аудан тұрғындарын қамтыған кездесулер өткізілді.

Қаратөбе ауданы – облыстың оңтүстік шығысында орналасқан әкімшілік бөлік. Атырау облысының Қызықоға, Ақтөбе облысының Ойыл аудандарымен шектесіп жатыр. Құрылған жылы – 17 қаңтар 1928 жыл. Әкімшілік орталық – Қаратөбе ауылы. Аумақ көлемі – 10,0 мың км² Халық саны – 15971
Экономикадағы басым сала – ауыл шаруашылығы



Халық саны
15971 адам

Діни бірлестіктер

№	Діни ұйымдар атауы	Діни бірлестіктер саны	Жетекшілері	Діни ғибадаттар саны	Діни оқу орындарында оқитын шәкірттер саны
	«Қаратөбе аудандық мұсылмандар мешіті» Егіндікөл ауылдық мешіті	2	Бекқазиев Әділжан Төлебайұлы – ҚМДБ Қаратөбе ауданы бойынша өкіл имамы	2	4

Жастар саясаты

14 және 29 жас аралығындағы жастар саны	Баспана сатып алуға 2010-2012ж 38 жасқа	Көтерме жәрдемақы алуға 2010-2012ж 105 жасқа	дипломен ауылға бағдарламасы
5080	66 миллион 739 мың	11 миллион	77 миллион 739 мың

Діни оқу орындарындағы шәкірттер

Батыс Қазақстан облысында ҚМДБ-ға қарасты «Орал» медресесі (ислам орта арнаулы білім беру оқу орны) 1 діни оқу орны бар. Қаратөбе ауданы бойынша 2010 жылы медресені 2 түлек бітірді. Медресені қызыл дипломмен аяқтаған Жәнібеков Әмірбек Әлібекұлы Алматы қаласындағы “НұрИслам” университетіне оқуға қабылданса, Бегайдар Ақташев аудандық мешіттерге жолдама алды. Қазіргі уақытта медреседе біздің ауданнан 3 шәкірт білім алуда. Олардың екеуі 2013 жылы оқуларын бітіреді.(Қанат Жәкенов, Нұрсұлтан Құспанов, Ораз Әміриев)



Егіндікөл селолық округінде өткен діни шара. Қатысушылар: ауыл тұрғындары, мектеп оқушылары мен ата-аналар, полиция инспекторы, жастар жетекшілері. Барлығы 114 адам.



**БҚО ДІД бас маманы Ғ.Мажиев пен Бас имам Б.
Әлиұлының сөз сөйлеу сәті**

Аудандық ішкі саясат, білім беру, мешіт имамының қатысуымен Егіндікөл селолық округінде өткен жиын. Қатысқандар мектеп оқушылары мен ата аналар, ауыл жастары, дін жолында жүрген азаматтар. Барлығы 118 адам, 2012 жыл қыркүйек айы.



А.Зейнуллиннің жастарға Отан сүйгіштік пен Қазақстандық патриотизм жөнінде оқушыларға идиологиялық рух беру сәті.

Егіндікөл ауылы. Оқушылары мен ата аналар.



Қоскөл селолық округіндегі діни шара. Барлығы 92 адам.



Ауыл әкімі Е.Ғабдраштың округтегі діни ахуалды баяндау сәтінен.

Қоскөл ауылы.



**2012 жылдың 14-16 ақпан күндері Қоскөл ауылында өткен жиын.
Төраға етуші аудан әкімінің орынбасары С.Өмірзақов.
БҚО ДІД директоры Т.Нығметов, Бас маман Ғ.Мажиев , ҚМДБ БҚО
найб имамы .**



**Ғ.Мажиевтің
исламдағы
4 масхабты түсіндіру
сәтінен**

Жусандой селолык округі Ханкөл ауылында өткен діни шара. Барлығы 83 адам.





Кәсіптік лецейде өткен дөңгелек үстел



**Шөптікөл ауылдық мәдениет
үйі
№ 21 кәсіптік лецей
студенттерімен кездесу**





**Құқық қорғау
органдарымен болған
кеңес**

Құрбан айт мерекесі

